













Автор: Джабаева Күланда
Пән: Әдебиеттік оқу
Сынып: 2-сынып
Бөлім: Туған өлкем
Тақырып: Мен не үйрендім?

Осы сабақта қол жеткізген оқу мақсаттары	2.1.2.1*- шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау сахналау 2.3.1.1 - мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру 2.4.1.1- «Менің мектебім» бөлімі бойынша білім деңгейін анықтау
Сабақ нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, «Білім ағашы», Бағалау парақшасы. АКТ.
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия.
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ тілі.
Құндылықтарды дамыту	Оқушыларды бір – біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу
АКТ қолдану дағдылар	Аудио тыңдалым, интербелсенді тақта, слайд
Бұған дейін меңгерілген білім	«Менің мектебім»

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Басталуы (5мин)	Ұйымдастыру кезеңі 2 минут ән-күй мұғалімімен мен бірге оқушылар «Бақытты балалаық шақ» әнін орындады Топтарға бөлу. Қима қағазға жазылған жасырын сөздерді ала отырып «Ақындар» «Жазушылар «Мәнерлеп оқу» атты топтарға бөлінді.	1-топ: Жазушылар 2-топ: Ақындар 3-топ: Мәнерлеп оқу
Білу (5мин)	Үй тапсырмасын тексеру мақсатында «Бәйге» сұрақтары берілді. 1.сұрақ. «Мектеп біздің анамыз» өлеңінің авторы кім? 2. сұрақ. Қандай авторлармен таныстық? 3.сұрақ. «Ақылшы мұғалім авторы кім? 4. сұрақ. Әнуарбек Бүйсенбеев туралы не білеміз? 5. сұрақ «Сыбырлақ өлеңінің авторы кім? 6. сұрақ. «Оқулық өлеңінің авторы кім? 7. сұрақ. «Кітап мәтінінің» авторы кім? 8. сұрақ. «Жеті шал» мәтінінің авторы кім? 9. сұрақ. «Сапар мен парта» мысалының авторы кім? 10.сұрақ. М.Дулатов кім?	Топ ережесін еске салу 1.Тәртіп 2.Талап 3.Тыныштық 4.Тазалық 5.Татулық
Топ тапсырмалары (15мин)	«Күн шұғыласы» ойыны. «Менің мектебім» дегенде көз алдында, кімдер келеді, кімдер елестейді? Атауларын жазып күн шұғыласын құрастырады.	Қ.Б «От шашу» Жұлдызшалармен бағаланды.

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
2-ші тапсырма (5мин)	<p>Ақындар туралы мәлімет жазу. Оқушыларға кеспе қағазға жазылған ақындардың жасырын суреті ұсынылады. Әр топ өзі тандап алған суреттердегі ақын туралы мәлімет айтады.</p> 	<p>Қ.Б. «Бағдаршам» «Жұлдызша»</p>
3-ші тапсырма (5мин)	<p>«Сәйкестендіру» Ақын әрі жазушылардың суреттері мен мәтін тақырыптарын сәйкестендіріледі.</p>  <p>Міржақып Дулатов</p>  <p>Асқар Тоқмағамбетов</p>  <p>Мұқан Иманжанов</p>  <p>Оспанхан Әубәкіров</p>	<p>Сыныптағы белсенді оқушы басқаларға бағыт беріп отырады. Топтық талқыға салады,ойланады.</p> <p>Қ.Б. «Басбармақ» «Жұлдызша»</p> <p>«Жеті»</p> <p>«Кітап»</p> <p>«Мектепке»</p> <p>«Сыбырлақ»</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>4-ші тапсырма (7мин)</p>	<p>Сурет бойынша болашақты болжау әңгімесін құрастыру.</p>  <p>«Кітапхана» «Библиотека» «library» Болашақта барлық оқулық электронды түрде болады.Қазір 100 жаңа кітаптың 18-і аударылса, болашақта 100 кітаптың бәрі аударылады. Роботтар адамдарға жұмыс істейді.</p>  <p>«Мектеп» «Школа» «School» Болашақта барлық мектеп зияткерлік мектебіне айналады.Оқушылар өте білімді болады. Цифрлы Қазақстан сияқты цифрлы(сандық) мектептер болады.</p>  <p>«Асхана», «Сталовая» «Dining room» Болашақта ішетін тағамдардың барлығы сапалы болады. «Адалдық» дүкендері көп болады.Автоматтандырылған пештерде тамақ пісетін болады.</p>	
<p>Сергіту сәті (2мин)</p>	<p>«Ұстазым» әні орындайды.</p> 	<p>Оқушылар орындарынан тұрып</p>
<p>Аяқталуы Сабақты бекіту (3мин)</p>	 <p>Қызыл алама. көңілді қызықты болды. Сары алма. тақырыпты түсіндім. Жасыл алма. сабақта берілген тапсырмаларды орындадым.</p>	